

"Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 5-2/249 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 10 маусымда № 9491 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 9-1/633 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.07.2015 № 9-1/633 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. «Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 2 қазандағы № 1-3/490 бұйрығының 1-тармағы 11) тармақшасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8065 болып тіркелген, 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 284 (28223) «Егемен Қазақстан» және № 346 (27620) «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Экономикалық интеграция және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
Қ а з а қ с т а н
А у ы л

А. Мамытбеков
Р е с п у б л и к а с ы
ш а р у а ш ы л ы ғы

м и н и с т р і н і ң

«Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.
3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – субсидияларды көрсетілетін қызметті алушының банк шотына аудару.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылдар) бастауға негіздеме – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 150 қаулысымен бекітілген «Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу бойынша субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызмет алушы өтінішін және Стандарттың 9-тармағымен құрастырылған құжаттар тізімін ұсыну.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімдер (іс-қимылдар), орындау ұзақтығы:

1) қызмет алушылардың құжаттарын қабылдау және қарастыру Қаржы институттарын анықтау және субсидияны бөлу бойынша комиссия хатшысымен (бұдан әрі – Комиссия хатшысы) қызмет алушының құжаттарын қарауға дейін және өтініш көшірмесін бергенге дейін жүзеге асырылады; құжаттар пакетін тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан артық емес; қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан артық емес;

2) қызмет алушылардың қаржы институттарының өтініштерімен конверттерді ашу және қаржы институттарын анықтау бойынша Қаржы институттарын

анықтау және субсидияны бөлу бойынша комиссия отырысына қызмет алушының құжаттарын қарастыру күні Комиссия хатшысымен қызмет алушының құжаттарын шығару;

3) қызмет алушылардың құжаттарын қарастыру күнінен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде Комиссиямен анықтаудан өткен қаржы институттарының тізімін қалаптастыру;

4) қызмет алушылардың құжаттарын қарастыру күнінен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Комиссиямен қызмет алушылардың ұсынылған құжаттарын Стандарттарға сәйкес келуіне қарастыру және ашу хаттамасын жасау;

5) конверттерді ашу хаттамасын құрғаннан кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау және оларға субсидиялар сомасын бөлу туралы Комиссия отырысын өткізу;

6) субсидиялау және оларға субсидиялар сомасын бөлу туралы Комиссия отырысын өткізгеннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссия хатшысымен субсидиялау және оларға субсидиялар сомасын бөлу туралы хаттаманы жасау және Комиссиямен осы хаттамаға қол қою;

7) субсидиялау және оларға субсидиялар сомасын бөлу туралы Комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен кейін Комиссия хатшысы:

3 (үш) жұмыс күні ішінде барлық қызмет алушылардың қаржы институттарын Комиссия отырысының жұмыс нәтижелері туралы жазбаша түрде хабардар етеді;

10 (он) жұмыс күні ішінде қызмет берушінің интернет - ресурсында анықтаудың жүргізілгендігі туралы қорытынды ақпаратты орналастырады;

8) Қызмет алушылардың несиелерін қаржы институттары бергеннен соң, сондай-ақ субсидиялау және олар субсидия сомасын бөліп тарату жөніндегі Комиссия отырысының қорытындылары туралы хаттамасының негіздемесінде 10 (он) жұмыс күндерінің ағымында Комиссия хатшысы қызмет алушының қаржы институты мен қызмет беруші арасындағы субсидиялауға келісім-шарт жасасуды қамтамасыз етеді;

9) қызмет алушының қаржы институты мен есеп парағына есеп айырысу шотына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтымен берілген өтінімдерді Комиссия хатшысының 5 (бес) жұмыс күндерінің ағымында тексеруі;

10) қызмет алушының қаржы институты мен есеп парағына есеп айырысу шотына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтымен берілген өтінімдер тексерілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында екі түпнұсқада төлемге шот және несие (лизинг) бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет алушының жауапты хатшысына ведомостерді Комиссия хатшысының қалыптастыруы және ұсынуы;

11) қызмет алушының қаржы институты мен есеп парағына есеп айырысу шотына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтымен берілген өтінімдер тексерілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында төлемге шот және несиелік (лизинг) бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет алушының жауапты хатшысымен ведомостті бекітуі;

12) қазынашылықтың аймақтың бөлімшелеріне төлем шотының реестрін және төлемге шоттарды қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелеріне жолдау мақсатында қызмет алушының қаржы институты мен есеп парағына есеп айырысу шотына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтымен берілген өтінімдер тексерілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында төлемге шот және несиелік (лизинг) бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелеріне ведомосттерді қызмет берушінің жауапты хатшысының жазып жіберуі;

13) қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерімен субсидияларды төлеуге арналған ведомосттер бекітілгеннен кейін қазынашылықтың аймақтық бөлімшелеріне төлем шоттарына реестрлер мен төлемге шоттарды ұсыну.

6. Келесідей үрдістерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіздеме ретінде қызмет ететін мемлекеттік қызметті көрсету бойынша үрдістердің (іс-қимылдардың) нәтижесі:

1) Комиссия хатшысымен тіркелген қызмет алушының құжаттары қызмет алушылардың қаржы институттарының өтінімі және қаржы институттарын анықтаудың конверттерін ашуды жүргізу бойынша Комиссияның отырысына енгізіледі;

2) анықтаудан өткен қаржы институттарының тізбелерін Комиссиямен қалыптастыру;

3) қызмет алушының қаржы институттарының өтінімімен конверттерді ашу хаттамасын Комиссияның құруы;

4) субсидиялау және оларға субсидиялау сомасын бөліп тарату туралы хаттаманы Комиссияның құруы;

5) субсидиялау және оларға субсидиялау сомасын бөліп тарату туралы хаттаманы Комиссия құрғаннан кейін Комиссия хатшысы:

Комиссия отырысының нәтижесі туралы қызмет алушылардың қаржы институттарына хабарландыруды;

анықтауды өткізудің қорытындылары туралы ақпаратты ғаламтор-ресурсқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

б) қаржы институтымен қызмет алушылардың несиелері берілгеннен кейін, сондай-ақ субсидиялау және оларға субсидиялау сомаларын бөліп тарату туралы Комиссия отырысының қорытындылары жөніндегі хаттамасының негіздемесінде Комиссия хатшысы қызмет беруші мен қызмет алушының қаржы институттары

арасындағы субсидиялауға арналған келісім-шарты жасасуды қамтамасыз етеді;

7) қызмет алушының қаржы институтының есеп айырысу шотына және есеп парағына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтымен келіп түскен өтінімдерді Комиссия хатшысының тексеруі;

8) қызмет алушының қаржы институтының есеп айырысу шотына және есеп парағына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтымен келіп түскен өтінімдер тексерілгеннен кейін несие (лизинг) мен төлемге шот бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет берушінің жауапты хатшысына ведомосттерді Комиссия хатшысының қалыптастыруы және ұсынуы ;

9) несие (лизинг) мен төлемге шот және оларды қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелеріне жазып жіберу бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет берушінің жауапты хатшысымен ведомосттерді бекітуі ;

10) қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерімен қазынашылықтың аймақтық бөлімшелеріне төлемге шоттардың реестрі мен төлемге шоттарды ұсынуы.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үрдістеріндегі қызмет көрсетушілердің (жұмысшылардың) құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылы ретін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің үрдістеріне қызмет берушінің келесідей жұмысшылары қатысады :

Комиссия хатшысы ;

Комиссия ;

қызмет берушінің жауапты хатшысы;

құрылымдық бөлімше .

8. Құрылымдық бөлімшелер (жұмысшылар) арасындағы тізбектелген үрдістерді (іс-қимылдарды) сипаттап жазу:

1) Комиссия хатшысымен қызмет алушының құжаттарын қарастыру күні жеткенге дейін қызмет алушының құжаттарын тіркеу және қабылдау;

2) қызмет алушының қаржы институттарының өтінімі және қаржы институттарын анықтаудың конверттерді ашуды жүргізу бойынша қызмет алушының құжаттарын тексеру күнінде Комиссия отырысына қызмет алушының құжаттарын комиссия хатшысымен енгізу;

3) қызмет алушының құжаттарын қарастыру күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күнінің ағымында анықтаудан өткен қаржы институттарының тізбелерін Комиссияның қалыптастыруы ;

4) қызмет алушының құжаттарын қарастыру күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күндерінің ағымында Стандартқа сәйкес қызмет алушының ұсынылған құжаттарын Комиссияның қарастыруы және конвертті ашудың хаттамасын құру;

5) конвертті ашудың хаттамасына қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күндерінің ағымында субсидиялау және оларға субсидиялау сомаларын бөліп тарату туралы Комиссия отырысын өткізу;

6) субсидиялау және оларға субсидиялау сомаларын бөліп тарату туралы Комиссия отырысын өткізгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күндерінің ағымында субсидиялау және оларға субсидиялау сомаларын бөліп тарату туралы хаттаманы Комиссия хатшысының құруы және аталған хаттамаға Комиссиямен қол қою;

7) субсидиялау және оларға субсидиялау сомаларын бөліп тарату туралы Комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күнінен бастап Комиссия х а т ш ы с ы :

3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында Комиссия отырысының нәтижесі туралы барлық қызмет алушылардың қаржы институтына жазбаша түрде ескертеді;

10 (он) жұмыс күндерінің ағымында анықтауды өткізудің қорытындылары туралы ақпаратты қызмет берушінің ғаламтор-ресурсына орналастыру;

8) қызмет алушылардың несиелерін қаржы институты бергеннен кейін 10 (он) жұмыс күндерінің ағымында, сондай-ақ субсидиялау және оларға субсидиялау сомаларын бөліп тарату туралы Комиссия отырысының қорытындылары жөніндегі хаттамасы негіздемесінде Комиссия хатшысы қызмет беруші мен қызмет алушының қаржы институттары арасындағы субсидиялауға арналған келісім-шартты жасасуды қамтамасыз етеді;

9) қызмет алушының қаржы институтының есеп айырысу шотына және есеп парағына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтынан келіп түскен өтінімдерді 5 (бес) жұмыс күндерінің ағымында Комиссия х а т ш ы с ы м е н т е к с е р у ;

10) қызмет алушының қаржы институтының есеп айырысу шотына және есеп парағына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтынан келіп түскен өтінімдер тексерілген кейін 3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында екі түпнұсқада несие (лизинг) және төлемге шот бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет берушінің жауапты хатшысына ведомосттерді Комиссия хатшысының қалыптастыруы және ұсынуы;

11) қызмет алушының қаржы институтының есеп айырысу шотына және есеп парағына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтынан келіп түскен өтінімдер тексерілген кейін 3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында несие (лизинг) және төлемге шот бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет берушінің жауапты хатшысымен ведомосттерді бекітуі ;

12) қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерімен төлемге шоттар реестрін және төлемге шотты қазынашылықтың аймақтық бөлімшесіне жолдау үшін қызмет алушының қаржы институтының есеп айырысу шотына және есеп парағына республикалық бюджеттен қаражат аударуға қаржы институтынан келіп түскен өтінімдер тексерілген кейін 3 (үш) жұмыс күндерінің ағымында несиелер (лизинг) және төлемге шот бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелеріне ведомосттерді қызмет берушінің жауапты хатшысымен жазып жіберуі;

13) субсидияларды төлеуге ведомосттер бекітілгеннен кейін қазынашылықтың аймақтық бөлімшелеріне қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелермен төлем шотының реестрлері мен төлемге шоттарды ұсыну.

9. Әр процедура ұзақтығының көрсетілуімен әр іс-қимылдан өтудің блок-схемасы осы Регламенттегі қосымшада көрсетілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығы және (немесе) өзге де қызмет көрсетушілерімен өзара іс-қимылдар ретін сипаттау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үрдістеріндегі ақпараттық жүйелерді пайдаланудың ретін сипаттау

10. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде халыққа қызмет көрсету орталығына және (немесе) өзге де қызмет көрсетушілерге қызмет алушылардың жүгіну мүмкіндігі қарастырылмаған.

Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған несиелер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесінің орнын толтыру бойынша субсидиялау» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне Қосымша

Әр процедураның (іс-қимылдың) ұзақтығының көрсетілуімен әр іс-қимылдан (процедурадан) өтудің блок-схемасы

